

**АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС  
ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС  
CIVIL PROCEEDING**

---

---

МРНТИ: 10.31.51

УДК: 347.637:343.275.6:347.919(470)

Г.Б.Меирбекова<sup>1</sup>, А.Б.Жумадильдинова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**АТА-АНАЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ МЕН ШЕКТЕУДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ІС ЖҮРГІЗУ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

*Аңдатпа*

Қазақстан Республикасының отбасылық заңнамасы тек материалдық емес, сонымен қатар ата-аналық құқықтан айыру және шектеу бойынша азаматтық істерді қарау тәртібін реттейтін іс жүргізу нормаларына назар аударады. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде ата-аналық құқықтан айыру жайлы азаматтық іс жүргізуде сот талқылауының ерекшелігі әлі де көрсетілмеген.

Мақала Қазақстан Республикасындағы ата-аналық құқығынан айыру жағдайлары мен себептерін зерттеуге арналып жазылды. Ата-аналық құқықтан айыру және шектеу туралы сот ісін жүргізудің және қайта қараудың проблемалық аспектілерін қарау, сонымен бірге оларды қарастыру тәсілдерін әзірлеу арқылы азаматтық процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** ата-ана, бала, отбасы құқығы, ата-ана құқығы, қорғаншы, қамқоршы, заңды өкіл, сот, процесс.

G.B. Meirbekova<sup>1</sup>, A.Zhumadildinova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

**SUBSTANTIAL AND LEGAL AND PROCEDURAL AND LEGAL  
CHARACTERISTICS OF THE DEFAULT AND LIMITATION  
OF PARENTAL RIGHTS**

*Abstract*

The family legislation of the Republic of Kazakhstan focuses not only on substantive, but also on procedural rules governing the procedure for considering civil cases on deprivation and restriction of parental rights. The Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan still does not specify the specifics of legal proceedings in civil cases on deprivation of parental rights.

The article is devoted to the study of the circumstances and causes of deprivation of parental rights in the Republic of Kazakhstan. Consideration of the problematic aspects of the production and review of cases of deprivation and restriction of parental rights, as well as the development of ways to consider them, can increase the efficiency of the civil process.

**Keywords:** parent, child, family law, parental law, guardian, trustee, legal representative, court, process.

Г.Б. Меирбекова<sup>1</sup>, А.Б.Жумадильдинова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

## МАТЕРИАЛЬНО-ПРАВОВАЯ И ПРОЦЕССУАЛЬНО-ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЛИШЕНИЯ И ОГРАНИЧЕНИЯ РОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ

### Аннотация

Семейное законодательство Республики Казахстан акцентирует внимание не только на материальных, но и на процессуальных нормах, регулирующих порядок рассмотрения гражданских дел о лишении и ограничении родительских прав. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан до сих пор не конкретизирует специфику судопроизводства по гражданским делам о лишении родительских прав.

Статья посвящена исследованию обстоятельств и причин лишения родительских прав в Республике Казахстан. Рассмотрение проблемных сторон производства и пересмотра дел о лишении и ограничении родительских прав, а также разработка способов их рассмотрения позволяет повысить эффективность гражданского процесса.

**Ключевые слова:** родитель, ребенок, семейное право, родительское право, опекун, попечитель, законный представитель, суд, процесс.

### Кіріспе

Материалдық құқықтық қатынастардағы даудың ерекшелігіне байланысты құқықтың әртүрлі салаларына қатысты талаптар бөлінеді: азаматтық, еңбек, отбасы, жер және басқалар. Содан кейін бұл шағымдар жеке институттардың қатынастарын қарастыратын құқықтық қатынастардың белгілі бір түріне бөлінеді. Материалдық-құқықтық жіктеу оның сот статистикасының негізі болып табылатындығында маңызды, сондықтан Статистика деректерінің жағдайы мен мазмұнына сәйкес нақты зерттелген процестердің құқықтық жағдайын бақылауға болады. Сол аспектіде қаралып жатқан процессуалдық істердің сот практикасын жалпылау қажеттілігі анықталады, соның негізінде Жоғары сот Пленумының қаулылары қабылданады.

Еліміздің басты заңы Конституциямызда: «...неке мен отбасының, ата-ананың, баланың мемлекеттің қорғауында болатыны және балаларына тәрбие беру мен қамқорлық жасау – әрбір ата-ананың құқығы мен міндеті»-екендігі баса айтылған [1].

Заң шығарушы дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасының отбасылық кодексіне тек материалдық емес, сонымен қатар ата-аналық құқықтан айыру және шектеу бойынша азаматтық істерді қарау тәртібін реттейтін іс жүргізу нормаларына назар аударады. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде ата-аналық құқықтан айыру жайлы азаматтық іс жүргізуде сот талқылауының ерекшелігі әлі де көрсетілмеген.

Ата-ана құқығынан айырудың тиімділігі үшін жеке және қоғамдық принциптердің оңтайлы арақатынасын анықтау маңызды. Оны қараудың теориясы мен практикасы үшін ауданаралық ювеналды сотта ата-аналық құқықтан айыру бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктерін анықтау маңызды: талап арызды ресімдеу ерекшеліктері, прокурор мен қамқоршылық және қорғаншылық органдарын аналық не әкелік құқықтан айыру бойынша азаматтық сот ісіне міндетті түрде қатысу. Қазіргі жағдайда ата-аналық құқықтан айыру бойынша азаматтық іс жүргізу қатынастары субъектілерінің қажетті шеңберін айқындау, азаматтық процестегі дәлелдеу сатыларындағы мемлекеттік және жергілікті органдардың атқаратын орнын зерделеу, сондай-ақ, азаматтық іс жүргізу заңнамаларын жетілдіру, құқықтық реттеу бойынша ұсыныстар беру. Ата-аналық құқықтан айыру және шектеу туралы сот ісін жүргізудің және қайта қараудың проблемалық аспектілерін қарау, сонымен бірге оларды қарастыру тәсілдерін әзірлеу арқылы азаматтық процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ата-ана құқықтарының мазмұны туралы пікірлерді (Е.А. Фомина, М. А. Гусева және т. б.) және оларды тиісті түрде жүзеге асыру критерийлері негізінде М. М. Старосельцеваның

ұстанымына қосылу керек, ол өз құқықтарын жүзеге асыра отырып, ата-аналар өз міндеттерін орындайды деп санайды. сонымен бірге балалардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Азаматтық құқықтар мен заңды мүдделер қашанда қорғалуға жатады. Егерде қорғалуға жататын құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру, кедергілерді жою арқылы жүзеге асса, ол біріншіден өзін өзі қорғау арқылы да сот арқылы да қалпына келтіріледі [2, 60 б.].

### **Негізгі бөлім (әдістеме, нәтижелер).**

Ата-аналық құқықтан айыру бойынша азаматтық сот істері сотта қорғаудың көп жақтылығымен ерекшеленеді. Алдымен ол баланың өзіне конституциямен бекітілген құқықтарын қорғаумен кепілдік беріледі. Яғни, баланың білім алу, денсаулығын сақтау, тәрбиелену, дене және психикалық дамуыны ешкім, керек десеңіз ең жақындары ата-аналары кедергі келтірмеуі тиіс.

Осы оқу, жан-жақты даму, дене және психикалық денсаулық, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, ұстау құқықтары; өмір сүру, қауіпсіздік, қауіпсіз отбасылық орта, жеке, адамгершілік және жыныстық қолсұғылмаушылық құқықтары да қорғалуға жатады. Екінші жағынан, ата-аналық құқықтан айыру бойынша сот ісінде жауапкер бала тәрбиесіндегі кедергілерді жою жөніндегі қызығушылық қорғалады, осылайша бала тәрбиесіне үміткер адамның-жақын туысының, қамқоршысының, екінші ата-анасының субъективті құқығына кепілдік беріледі. Ата-аналық құқықтан айыру туралы сот қаулысы шешімді шығарған кезде кәмелетке толмаған адамның және оның биологиялық ата-анасының отбасын қалпына келтірудің алғышарты ретінде қарым-қатынас жасау және бір-бірі туралы ақпарат алу үшін заңды мүдделері сақталуы керек. Талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот шешімін шығарған кезде жауапкер-ата-ананың өз баласын тәрбиелеуге субъективті материалдық құқығы, сондай-ақ баланың қандас отбасында тәрбиелену құқығы қорғалады. Екі жағдайда да ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы саласындағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, отбасылық байланыстарды орнына келіру үшін алдымен мемлекет пен баланың құқығын қорғау бойынша қоғамдық ұйымдар жауап беру керек [3, 16 б.].

Әке болу, ана болу құқығынан айыру бойынша азаматтық сот істерін қарағанда міндетті түрде талданатын заңды мүдделердің басты ерекшелігіне назар аудару қажет. Оның негізгі ерекшелігі олардың заңды қоғамдық қызығушылығымен үйлесуінен тұрады, бұл қоғамның ата-аналар мен олардың балаларының дәйекті одағын құруға деген заңды ұмтылысы (бірақ заңмен белгіленген шектерде) Материалдық құқықтық қатынастардағы даудың ерекшелігіне байланысты құқықтың әртүрлі салаларына қатысты талаптар бөлінеді: азаматтық, еңбек, отбасы, жер және басқалар. Содан кейін бұл шағымдар жеке институттардың қатынастарын қарастыратын құқықтық қатынастардың белгілі бір түріне бөлінеді.

Материалдық-құқықтық жіктеу оның сот статистикасының негізі болып табылатындығында маңызды, сондықтан Статистика деректерінің жағдайы мен мазмұнына сәйкес нақты зерттелген процестердің құқықтық жағдайын байқауға болады. Сол аспектіде процедуралық істердің қарастырылған санаттарының сот практикасын жалпылау қажеттілігі анықталады, соның негізінде ҚР Жоғары Соты Пленумының шешімдері қабылданады [4, 9-11 б.].

Ата - ана құқығынан айыру ісін жүргізу туралы философиялық көзқарастарды зерттей отырып, оның аумағында ата-аналық құқықтан айыру бойынша азаматтық істермен шешіледі, бұл азаматтық іс жүргізудің мұндай санатын талап қою ісінен тыс қарауға жол берілмейтіндігін, оны қылмыстық заңда жазаның қосымша түрі ретінде енгізуге тең болатындығын көрсетеді. Материалдық және процедуралық негіздегі шекараларды анықтау сипаттамаларына, ең жалпы түрде, оларды «құқық» және «процесс» сияқты ұғымдарға бөлуге болады. Осылайша, құқықтық негіз кез-келген реттелетін қоғамдық қатынастарды қамтиды.

Материалдық құқық саласы (азаматтық, отбасылық, әкімшілік және т.б.) процессуалдық-құқықтық сипаттама өзін материалдық нормаларды білдіру нысаны ретінде көрсетеді, яғни уәкілетті органдардың іс жүргізу қызметі қарастырылған әрбір нақты жағдайда материалдық

нормаларды іске асыру құқығына ие. Ата-ана құқықтарының мазмұнын және оларды тиісті түрде жүзеге асыру критерийлерін қамтитын осындай пікірлерді зерттеу А. А. Демичевтің пікіріне тән болуы керек.

Оның пікірінше, ата-аналар өз құқықтарын жүзеге іске асыра отырып, кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз ететін өздерінің міндеттерін орындайды [5, 11 б.].

Азаматтардың әке болу, ана болу құқықтарын шектеу негіздерді жоюда көрінетін заңды мүдделерді атап өтуге болады. Ата-аналық құқықтан айырудың мұндай ережелері ретінде: баланы бағудан жалтару, ата-аналар өз міндеттерін көздейтін болмауы, қамқорлықтан бас тартып балалар үйіне өз баласын беру, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етпеу, баланы қауіп-қатерге қалдыру және басқа да маңызды факторлар. Мемлекет ата-ана құқығын бере отырып, ата-анаға баласын қорғауға және оған қамқорлық жасауға, тиісті түрде тәрбиелеуге ықпал етеді. Азаматқа құқықтар берілгенде, заңнама белгілі бір шектеулер мен тыйымдар жасайды, осылайша рұқсат етілген мінез-құлықтың белгілі бір шеңберін жасайды. Мұндай шеңберлер Қазақстан Республикасының Конституциясымен қатар Қазақстан Республикасының Неке (Ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің өзінде реттелген, оның нормасы «адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірмеу керек» - дейді [6].

Отбасы заңнамасы да осындай ережені бекітті, онда отбасы мүшелерінің жеті құқығын жүзеге асыруы және өз міндеттерін орындауы басқа отбасы мүшелерінің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбауы керектігі айтылған. Осы нормаларда бекітілген құқықтар бойынша ата-аналар мен балалар заңмен қорғалады, бірақ мұндай құқықтардың орындалуы осы ережелерге қайшы келмейтін жағдайларда ғана жүзеге асуы тиіс.

Демек, мұндай құқықтарды теріс пайдаланған жағдайда мемлекет өзінің органдары мен лауазымды тұлғалары атынан ата мен ананы әке болу және ана болу құқығынан сот арқылы айырады деген болжам жасауға болады. «Теріс пайдалану» термині пікірталас тудырады, әсіресе осы терминнің әрекетіне түспеу үшін рұқсат етілген мінез-құлықтың шекараларын анықтау кезінде абай болған жөн. Осылайша, құқықты теріс пайдалану құбылысын түсіндіруге ықпал ететін бастапқы мәндер, түсініктер, әдістер субъективті құқықтардың статикасы мен динамикасы болып табылады. Ол Заңның мазмұны және оны жүзеге асыруы бойынша реттеледі. Өз кезегінде субъективті құқық үш арақатынастың мағынасынан түсініледі: а) объективті құқық-субъективті құқық; б) субъективті құқық-заңды міндет; в) субъективті құқық-қызығушылық [7, 94 б.].

Балалардың мүдделеріне зиян келтіретін ата-аналардың қасақана жасаған құқық бұзушылықтары ең жағымсыз әрекеттер болып саналады. Мұндай әрекеттердің мысалдары қайыр сұрауға, ұрлауға, жезөкшелікке, сондай-ақ баланы алкоголь немесе есірткі қолдануға мәжбүрлеу және т. б. болуы мүмкін.

Мемлекет өз органдары мен лауазымды тұлғалары атынан іс жүргізу құқықтық өкілеттіктерінің міндетті жағы болып табылатындығына байланысты оның отбасылық қатынастарға араласпауын дұрыс емес деп санауға болады. Демек, балаларының ата-аналары лайықты білім алу құқығының принципін нақты орындауға кепілдік беретін белсенді және пассивті әрекеттерді түзету үшін оң факторлар деп санауға болады, бірақ егер бұл мемлекеттің іс-әрекетімен бақыланса ғана. Билік тарапының қатысуы мұндай санаттағы істер жеке тұлғаның құқықтық кепілдіктерін іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ата-ананың балаларды бағу міндеттік қарым-қатынасы, ол мемлекеттік мәжбүрлеу күшіне ие, яғни, баланың кепілдіктері оның мемлекет кепілдік беретін құқықтық мәртебесімен белгіленеді.

Құқықтық мәртебенің ішіне әрбір азаматтың өзі тұрып жатқан мемлекетімен, азаматтық қоғаммен, өзі жұмыс жасайтын ұжымымен және өзінің айналасындағы адамдарымен қарым қатынасының барлық түрін қамтитын кешенді түсінік екенін айтуға болады [8, 144 б.].

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғай отырып, сотта осындай мүдделерді

қорғау құқығын қамтамасыз ету – баланың бұзылған құқықтарына қатысты дұрыс іс жүргізу шешімдерін қабылдай отырып, азаматтық іс жүргізу міндеттерін қамтамасыз ететін мемлекеттің құқықтық құралдары. Тағы бір ерекшелігі-материалдық және іс жүргізу нормаларын материалдық құқық нормалары бұрыннан бар әлеуметтік қатынастардан тұрады деп санауға болады. Процедуралық нормаларға келетін болсақ, оларды генеративті нормалар деп атауға болады, өйткені, олар даулы қатынас субъектілерінің тәртібі мен заңдылығын қамтамасыз ететін рәсімдік нормалар.

Демек, ата-аналық құқықтан айыру әке мен ананың өз баласының құқықтарын бұзуы нәтижесінде пайда болатын жаңалықтар олардың жоғалу жолын ғана емес, сонымен бірге заңды жауапкершіліктің өлшемін де көрсетеді. Мұндай әрекеттер, әдетте, заңда қарастырылған жағымсыз салдарға әкеледі. Ата-ана құқығынан айыру жеке-құқықтық сипатқа ие, өйткені сот әр ата-ананың мінез-құлқын жеке жаңалықтарда бағалайды, олардың әрекеттері заңды мінез-құлық тұрғысынан бағаланады және талданады [8, 48 б.].

Ата-аналық құқықтан айыру туралы азаматтық істер біздің сот тәжірибесінде басқа ұлтқа қарағанда қазақ халқында өте сирек кездеседі. Неліктен? Өйткені, біздің менталитетімізде ата-ана қанша баласына маскүнемдікке салынып, не болмаса басқалай өзі жұмыс істемей материалдық қаржыландырмаса да баланың басқа туыстары болсын, не ері мен зайыбының біреуі болсын сотқа ата-аналық құқықтан айыру туралы талап қоя бермейді. Екіншіден, ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер бойынша жауапкерлер құратын бала тәрбиесіндегі кедергілер мен шектеулерді жою жөніндегі мүдделерді қорғау. Ата-ана құқығынан айырудың өзі мүмкін, бірақ егер бұл қарым-қатынас белгілі бір балаға қатысты болса ғана. Бала әлі туылмаған, қайтыс болған немесе бір уақытта бірнеше балаға қатысты адамды ата-аналық, яғни әке болу, ана болу құқығынан айыру мүмкін емес. Осылайша, баланы тәрбиелеуді талап ететін адамдардың субъективті құқықтарына кепілдік беру — жақын туыс, қамқоршы, екінші ата – ана-сот балалардың да, олардың ата-аналарының да құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Азаматтық сот ісінде ата-аналық құқықтан айыру бойынша сот шешімдері кәмелетке толмағандардың және олардың биологиялық ата-аналарының арасындағы қарым-қатынасқа, сондай-ақ отбасын қалпына келтіру кезеңін белгілеуді көздейтін бір-бірі туралы ақпарат алуға байланысты туындайтын заңды мүдделеріне сәйкес келуі тиіс. Заңдылықтың кепілдігін, іс бойынша ақиқатты белгілеуді қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, сот заңды және негізделген шешім шығарады. Нақты істі қарай отырып, судья ата-аналық құқықтан айыру бойынша іс қозғауға негіз болған негіздерді, ата-ананың кінәсінің болуын, психикалық және өзге де аурудың болуын, оның ішінде ата-ананың мінез-құлқын өзгертуге ықпал ететін негіздерді зерделеуді, оның балаға деген көзқарасын жақсартуды және істің басқа да нақты мән-жайларын анықтайды [9, 88 б.].

Сот талапты қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда, ата-ананың өз баласын тәрбиелеу жөніндегі субъективті және материалдық құқықтары қорғалады. Қоса алғанда баланың өз отбасында тәрбиеленуіне ықпал жасайды. Екі жағдайда да сот отбасылық байланыстарды қалпына келтіруге ұмтылатын ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынастары саласындағы заңдылық пен құқық тәртібі қағидаттарын іске асыра отырып, мемлекет пен қоғамның мүдделерін көздейді.

**Қорыта келгенде,** сот ісін жүргізудің түріне қатысты қолданыстағы тұжырымдамалық көзқарастар зерделенді, оның шеңберінде ата-аналық құқықтан айыру шеңберінде шешілуге тиіс, бұл азаматтық істердің осы санатын талап қою ісін жүргізу шеңберінен тыс қарауға жол берілмейтіндігін, сондай-ақ оны қылмыстық құқықта жазаның қосымша түрі ретінде енгізуге жол берілмейтіндігін айғақтайды.

Ата-аналық құқықтан айыру туралы істерді қараудың ерекшелігі азаматтардың жеке құқықтарының кешенін, атап айтқанда ата-аналар мен балалардың құқықтарын қамтитын сот арқылы қорғау объектісіне байланысты.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995. 30.08. - Алматы: Жеті Жарғы. 2017.-97 б.
2. Асланов Х.Г. Обеспечение интересов отца в родительских правоотношениях по семейному законодательству Российской Федерации: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2009.
3. Гражданский процесс. Общая часть : учеб. для вузов / Т. А. Белова, И. И. Верховодко, В. Г. Голованов [и др.] ; под общ. ред. Т. А. Беловой, И. Н. Колядко, Н. Г. Юркевича. – Минск: Амалфея, 2000. – 247 с.
4. Баймолдина З.Х. Реформирование отечественного гражданского судопроизводства в конце XIX в. // История государства и права. – 2012. – № 15. – С. 182
5. Демичев А. А. Мировой суд в Российской империи по Судебным уставам 1864 г. // История государства и права. – 2012. – № 4. – С. 363.
6. Қазақстан Республикасы Неке (Ерлі-зайыптылық) және Отбасы кодексі 2011. Алматы: Жеті Жарғы. 2017.-197 б.
7. Абдуллина З.К. Общие положения гражданского процесса: историко-правовое исследование. – Алматы, Мектеп баспасы., 1989.-120 с.
8. Акбергенова М.Н. Обзор судебной практики рассмотрения семейных споров судом / Гражданское законодательство РК: статьи, комментарии и практика. Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С. 192.
9. Гражданский процесс : учебник / А. П. Вершинин [и др.]; под ред.: В. А. Мусина, Н. А. Чечиной, Д. М. Чечота. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Проспект, 2009-347 с.

МРНТИ:10.31.47

УДК: 347.91/95

*Г.Б.Меирбекова<sup>1</sup>, Б.Н.Нұрмағанбетова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

## **БҰЙРЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### *Аңдатпа*

Бұйрық өндірісінің даму тарихы Ежелгі Римде басталды, одан кейін XV ғасырда Ресейде пайда болған, алайда Қазақстанда сот бұйрығының аналогы тек XIX ғасырда пайда болды. Бірнеше ғасырлардан кейін сот бұйрығы институты ресей заңдарынан алынып тасталды. Ал Қазақстанда бірнеше жүз жылдан кейін ғана 2002 жылы болған реформалардың арқасында Бұйрық өндірісі азаматтық іс жүргізу кодексінде берік орнықты. Қазіргі уақытта бұл өндіріс сот практикасында кеңінен танымал, өйткені ол халық үшін қарапайым және түсінікті құқықтарды қорғау тетігі ретінде әрекет етеді.

Мақала Қазақстан Республикасындағы сот бұйрығын шығару жағдайлары мен бұйрық өндірісінің себептерін зерттеуге арналып жазылды. Бұйрық өндірісі туралы сот ісін жүргізудің проблемалық аспектілерін қарау, сонымен бірге оларды қарастыру тәсілдерін әзірлеу арқылы азаматтық процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** азаматтық процесс, сот бұйрығы, бұйрық өндірісі, өндіріп алушы, борышкер, сот.